

## Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқауын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 ақпандағы N 68 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 3 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5574 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 629 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2016 № 629 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 112-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік мониторинг жүргізу Нұсқаумен бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын талдау және оның әдіснамасы департаменті (Қалиева А.Н.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және жергілікті атқарушы органдар бюджеттік мониторинг жүргізген кезде осы Нұсқауды басшылыққа алсын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.

4. "Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы талдамалық есепті жасау және табыс ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 24 шілдедегі N 263 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 17 тамыздағы N 4881 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ақпараттық технологиялар департаменті (Күнтубаев Д.Ж.) 2009 жылғы 17 сәуірдегі мерзімге дейін осы Нұсқаудың қосымшаларын ескере отырып, "Бюджеттік процесс мониторингі" бағдарламалық қамтамасыз етуін пысықтасын және оның бюджеттік мониторинг

жүргізу үшін республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінде орнатылуын қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2009 жылғы 16 ақпандағы  
N 68 бұйрығымен  
бекітілген

## **Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқауы**

**Ескерту. Ереженің атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

**Нұсқаудың барлық мәтіні бойынша "Астана" деген сөз "Астананың" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Бюджеттік мониторинг жүргізу туралы осы Нұсқау (бұдан әрі – Нұсқау) Бюджеттік кодекстің 112-бабына сәйкес әзірленген.

Бюджеттік мониторинг - міндеттемелердің уақтылы қабылданбау, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдердің уақтылы жүргізілмеу себептерін анықтау, бюджет түсімдері мен шығыстарының атқарылу болжамдарын жасау мақсатында жүзеге асырылатын бюджеттің атқарылу көрсеткіштерін тұрақты және жүйелі жинау, бақылап отыру және талдау.

Бюджеттік мониторингті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар жүзеге асырады.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

### **2. Мақсаты мен міндеттері**

2. Осы Нұсқаудың әзірлену мақсаты республикалық және жергілікті бюджеттерді тиімді атқару мақсатында бюджет қаражатын пайдалану жөніндегі мониторинг рәсімдерін жүйелеу, сондай-ақ бюджет түсімдерінің атқарылуын қадағалап отыру.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

3. Түсімдердің атқарылуы кезінде және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру кезінде бюджеттік мониторинг міндеттері:

түсімдердің атқарылуын талдау;

төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарын және төленген міндеттемелерді салыстыру жолымен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатын игеруін талдау;

төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына (бұдан әрі – төлемдер бойынша жоспар) сәйкес төлемдердің уақтылы жүргізілмеу және міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарларына (бұдан әрі - міндеттемелер бойынша жоспар) сәйкес міндеттемелердің уақтылы қабылданбау себептерін анықтау болып табылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.11.2015 № 583 бұйрығымен.**

### **3. Бюджеттің атқарылуын талдау**

#### **§ 1 Бюджеттің түсімдерінің атқарылуын талдау**

**Ескерту. 1 параграфтың атауына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

4. Бюджет кірістерінің атқарылуын талдау объектілері: салықтық түсімдер; салықтық емес түсімдер; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер; тиісті қаржы жылына арналған бюджет түсімдерінде көзделген ресми трансферттер түсімдері болып табылады.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

5. Бюджет кірістерінің атқарылуын талдау субъектілері бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, өндіріп алуға жауапты және олардың түсуіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар болып табылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы бойынша талдау жүргізеді.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар облыстың, атап айтқанда облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің атқарылуы бойынша талдауды, сондай-ақ бюджеттің төмен тұрған деңгейіне бөлінген нысаналы трансферттердің талдауын жүзеге асырады.

Бюджеттік мониторинг бюджеттің атқарылуына талдау жүргізу функциясына кіретін бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдардың құрылымдық бөлімшелері алған ақпараттың негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

6. Бюджеттің кіріс бөлігін талдау кезінде пайдаланылатын негізгі құраушы база бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қалыптастыратын есепті деректердің айлық көлемі және Қазақстан Республикасының салықтық және кедендік заңнамаларға сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар және салықтық емес түсімдерді, негізгі капиталды сатып алудан түсетін түсімдерді, трансферттерді қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есепіден кейінгі айдың 12-не дейінгі мерзімде өндіріп алуға жауапты уәкілетті органдар ұсынатын түсімдердің тиісті түрлерін орындамау немесе асыра орындау себептері болып табылады.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

7. Алдыңғы аймен салыстырғанда ағымдағы айдағы жергілікті (облыстық бюджеттердің (республикалық маңызы бар қала, астана) бюджеттер түсімдерінің санаттары бойынша кірістер түсімдерінің өсу немесе төмендеу себептерін талдау осы Нұсқаудың 1-қосымшасына сәйкес I, II нысандар бойынша жасалады.

Көрсетілген қосымшаның I нысанында жергілікті (облыстық бюджеттердің (республикалық маңызы бар қала, астана) бюджеттердің салық және төлемдерінің негізгі түрлері бойынша, өткен аймен салыстырғанда есепті айдағы түсімдердің өсу немесе төмендеуі байқалатын ерекшеліктер көрсетіледі. Салықтар мен төлемдердің өсу немесе төмендеу себептерінің түсіндірмелерде көрсетілген кезеңдер бойынша түсімдердің құлдырауына немесе өсуіне әсер еткен факторлар көрсетіледі.

II нысанда олар бойынша есепті айда жоспарланбаған сипаттағы біржолғы түсімдер байқалған ерекшеліктер көрсетіледі.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

8. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның салықтық, салықтық емес түсімдерді, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер мен трансферттер түсімдерін өндіріп алуға жауапты құрылымдық бөлімшелері, ведомстволары тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 12-сі күнінен кешіктірмей, жылдың басынан бастап республикалық бюджетке түсетін түсімдердің түрлері бойынша жоспарды асыра орындау немесе орындамау

себептерін талдауды осы Нұсқаудың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның кірістерді талдау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне ұсынады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның кірістерді талдау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі есепті тоқсаннан кейінгі айдың 17-сі күнінен кешіктірмей, республикалық бюджетке түсетін салықтар мен төлемдердің түрлері бойынша жыл басынан жоспарды асыра орындау немесе орындамау себептерін талдауды осы Нұсқаудың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бюджеттің атқарылуын талдау жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшеге ұсынады.

Республикалық және жергілікті (облыс бюджеті (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан бюджеті (облыстық маңызы бар қала)) бюджеттерге түсетін түсімдердің түрлері бойынша жыл басынан жоспарды асыра орындау немесе орындамау себептерін талдау осы Нұсқаудың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар тоқсан сайын есепіден кейінгі айдың 25-і күніне дейін жергілікті бюджет кіріс бөлігінің артығымен атқарылу немесе атқарылмау себептерін талдауды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және жергілікті атқарушы органдарға ұсынады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тоқсан сайын есепіден кейінгі айдың 25-і күніне дейін республикалық бюджет жоспарының асыра орындалу немесе орындалмау себептерін талдауды Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

8-1. Бюджеттік кредиттерінің өтеуін талдау объектілері бюджетке түсетін түсімдердің түрлері: республикалық және жергілікті (облыс бюджеті (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан бюджеті (облыстық маңызы бар қала)) бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, төленген мемлекеттік кепілдіктер бойынша талаптарды қайтару болып табылады.

Республикалық және жергілікті (облыс бюджеті (республикалық маңызы бар қала, астана) бюджеті), аудан бюджеті (облыстық маңызы бар қала)) бюджеттеріне бюджеттік кредиттерінің өтеуін бойынша жыл басынан бастап жоспарын асыра орындалу немесе орындалмау себептерін талдау тоқсан сайын осы Нұсқаудың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

**Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

8-2. Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдердің атқарылуын талдау объектілері заңды тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттік меншіктегі халықаралық ұйымдардың, мүліктік кешен түріндегі мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге де мемлекеттік мүлікті сатудан бюджетке түсетін түсімдер.

Республикалық және жергілікті (облыс бюджеті (республикалық маңызы бар қала, астана) бюджеті), аудан бюджеті (облыстық маңызы бар қала)) бюджеттеріне мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша жыл басынан бастап жоспар орындалу талдау мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғалардың қатысу үлестерін, акциялардың және түсімдердің жоспар мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер жоспар асыра орындалу немесе орындалмау себептерін талдау көрсетіле отырып, тоқсан сайын осы Нұсқаудың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

**Ескерту. 8-2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

8-3. Қарыздар түсімі атқарылуын талдау объектілері қарыздар мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың шығаруымен және (немесе) қарыздар шарт жасасулармен байланысты бюджетке түсетін қаражаттар.

Республикалық бюджетіне қарыздар түсімі бойынша жыл басынан бастап жоспарын асыра орындалу немесе орындалмау себептерін талдау тоқсан сайын осы Нұсқаудың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Қарыздар түсімдерінің жоспарын орындау талдауында жылдың басынан бастап ерекшеліктер бөлігінде қарыздар түсімдерінің жоспарын артығымен орындау немесе орындамау себептерін көрсете отырып жоспарланған және іс жүзіндегі түсімдердің сомасының салыстырмалы талдауы жүргізіледі.

**Ескерту. 8-3-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

9. Республика бойынша және аумақтар шеңберінде есептік мерзімде мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттерге (облыс бюджеті (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан бюджеті (облыстық маңызы бар қала)) салықтардың және төлемдердің түсімі жоспарларының асыра орындалуы немесе орындалмауы салдарына талдау жүргізу барысында төлемдермен салықтардың түсуіне ықпал еткен факторлар анықталады (сыртқы сауда айналымының мөлшерінің өзгеруі, минералдық шикізатқа әлемдік баға, салық салу базасының өзгеруі, салықтық және кедендік заңнамадағы өзгерістер, жүйелік сипаттағы бер реттік төлемдер және басқа да факторлар).

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

10. Республика бойынша және аумақтар шеңберінде ағымдағы жылдың есептік мерзімінде былтырғы жылдың осындай мерзімін салыстырмасы мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттерге (облыстық бюджет, ( республикалық маңызы бар қала, астана)) түсімдерді талдау Нұсқаудың 3-қосымшасына сәйкес нысанда құрастырылады, және бюджеттің атқарылуы бойынша орталық уәкілетті органмен (жергілікті атқару органдарымен) тоқсан сайын 25 күнге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етеді.

**Ескерту. 10-тармақ жана редакцияда жазылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

10-1. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ағымдағы жылдың есепті кезеңінде республикалық және жергілікті (облыстық бюджет ( республикалық маңызы бар қала, астана), аудан бюджеті (облыстық маңызы бар қала)) бюджеттерге мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдердің талдау бойынша кірістер түсімдерін талдау осы Нұсқаудың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ағымдағы жылдың қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер талдауда түсімдерінің өсу немесе төмендеу себептері көрсетіледі.

**Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

10-2. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ағымдағы жылғы есепті кезеңге республикалық бюджетке түскен қарыздар түсімдерін талдау осы Нұсқаудың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тоқсан сайын жүзеге асырылады.

Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ағымдағы жылғы есепті кезеңде түскен қарыздар түсімдерінің талдауында ерекшеліктер бөлінісінде өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда есепті жылдың басынан түскен түсімдерінің төмендеу немесе арту себептері көрсетіледі.

**Ескерту. 10-2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

11. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.

12. Өңірлер бөлінісінде жыл басынан республикалық және жергілікті (облыс ( республикалық маңызы бар қала, астана) бюджеті) бюджеттер кірістерінің жоспарлы көрсеткіштерінің орындалмау себептерін талдау осы Нұсқаудың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

13. Салықтар мен төлемдер бөлінісінде мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер бойынша кемалым сомасын талдау осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

14. Салықтар мен төлемдер бөлінісінде мемлекеттік бюджет бюджеттерге түсетін түсімдер бойынша кемалым сомасын талдауда есепті кезеңдерге арналған салық түрлері бойынша кемалымның ахуалына талдау, сондай-ақ ұйымдар бөлінісінде кемалымның кемуіне немесе артуына ықпал еткен факторларды көрсете отырып, алдыңғы кезеңмен салыстырғанда есепті айдағы кемалымның салыстырмалы талдауы көрсетіледі.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

15. Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттерге (облыс бюджеті (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан бюджеті (облыстық маңызы бар қала)) кірістерінің жоспарлық көрсеткіштерінің орындалмауы салдарын талдауында жыл басынан аумақтар шеңберінде бюджеттер деңгейі бойынша кірістердің жалпы орындалуы көрсетіледі. Кірістер жоспары орындалмаған аймақтар бойынша салықтардың негізгі түрлері бойынша орындалмау салдары көрсетіледі.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

16. Талдау нәтижелері осы Нұсқаудың қосымшаларына сәйкес нысан бойынша есепті айдан кейінгі 25-ші күнге дейін ай сайын бюджетті атқару жөніндегі тиісті уәкілетті органның басшылығының мәліметіне жеткізіледі.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

17. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның кірістерді талдау және салық және кеден заңнамасы мәселелерін үйлестіру функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі осы Нұсқаудың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ай сайынғы талдамалы ақпаратты дайындау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның сайтында орналастыру мақсатында мемлекеттік бюджет кірістерінің атқарылу деректерін қалыптастырады.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.06.2013 № 294 бұйрығымен.**

18. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.

19. Жоспарды асыра орындау немесе орындамау себептерін көрсете отырып, мұнай секторы ұйымдарынан Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына



түсетін тікелей салықтардың түсімдерін талдауды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі жүргізеді және ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 20-сы күніне дейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры бойынша есепке алу мен есептілік саласындағы салааралық үйлестіру мен әдіснамалық жетекшілік ету функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне ұсынады.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.06.2013 № 294 бұйрығымен.**

19-1. Бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар тиісті қаржы жылындағы республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы талдамалық есепті дайындау кезінде мынадай құрылымдық бөлімшелер ұсынған деректерді пайдаланады:

есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарына дейін:

мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын бөлімше – жоспарларды асыра орындау немесе орындамау себептерін талдаумен төлеушілер бөлінісінде дивидендтер төлеу жоспарын орындау бойынша талдамалық ақпаратты;

бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның кірістерді талдау функцияларын жүзеге асыратын бөлімшесі - есепті жылда республикалық бюджетке түсетін салықтар мен төлемдердің түсім жоспарларының асыра орындалуы немесе орындалмауы себептеріне факторлық талдауды (сыртқы сауда айналымы көлемінің өзгеруі, минералдық шикізатқа әлемдік бағаның өзгеруі, салық салу базасының өзгеруі, жүйелік сипаттағы салықтық және кедендік заңнамадағы өзгерістер және басқа да факторлар).

бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бөлімшесі – есепті жылда жергілікті бюджетке түсетін салықтар мен төлемдердің түсім жоспарларының асыра орындалуы немесе орындалмауы себептеріне факторлық талдауды;

есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін:

салық, кеден және бюджетке төленетін басқа да төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын бөлімше:

ұйымдар бөлінісінде бересінің төмендеу немесе ұлғаюына әсер еткен факторлар мен бересіні төмендету және кірістерді әкімшілендіруді жақсарту бойынша қабылданған шаралар туралы салықтар мен төлемдер бөлінісінде республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдер бойынша бересі сомасының өзгерістерін алдыңғы жылмен салыстырма талдауды;

кірістерді әкімшілендіруді жақсарту бойынша қабылданған шаралар туралы ақпаратты пайдаланады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері салықтардың, кедендік және бюджетке басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанынан кешікпейтін мерзімде жеке сәйкестендіру нөмірдерін ( бизнес-сәйкестендіру нөмірдерін) көрсете отырып, мемлекеттік қолдау алған кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесін жібереді.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның салықтық, салықтық емес түсімдерді, өндіріп алуға жауапты ведомстволары олардан алынған тізімдердің негізінде 5 ақпаннан кешіктірмей көрсетілген кәсіпкерлік субъектілерінен бюджет түскен түсімдер туралы ақпаратты ұсынады.

**Ескерту. 1-параграф 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 26.10.2016 № 567 бұйрығымен.**

## **§ 2 Бюджеттің шығыс бөлігінің атқарылуын талдау**

20. Бюджет шығыстары атқарылуының бюджеттік мониторингін республикалық және тиісті жергілікті бюджеттердің атқарылуы жөніндегі бюджеттік есептілік және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері беретін ақпарат негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар жүзеге асырады.

Есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражатының игерілмеуі төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының және төленген міндеттемелердің, бюджет қаражатының үнемделуінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган резервтерінің және шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың бөлінбеген қалдықтары арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Бюджет қаражатының үнемделуіне:

мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қаражатты үнемдеу;

еңбекақы төлеу қоры (бұдан әрі – ЕТҚ) бойынша үнемдеу (бос лауазымдардың болуы, ақысыз демалыстар беру және еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары бойынша, әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар бойынша төлемдер, банк қызметтеріне ақы төлеу, демалысқа шығу кестесінің өзгеруі есебінен ағымдағы шығындар бойынша үнемдеу);

бюджет қаражатын өзге де үнемдеу: бағамдық айырма, бағаның және табиғи тұтыну көлемінің өзгеруі есебінен қалыптасқан түгел пайдаланылмаған қаражат қалдығы, іссапар шығыстары бойынша үнемдеу, жоспарланғанға қарағанда бюджет қаражатын алушылардың іс жүзіндегі көлемінің азаюы, кредиттер,

қарыздар бойынша сыйақы (мүдде) мөлшерлемесінің өзгеруі, іс-шараларға шығу және өткізу мерзімінің көшірілуіне байланысты ағымдағы шығындар бойынша іс-шаралар жоспарының өзгеруі, өкілдік шығындар мен шетелдік іссапарларды қоса алғанда, бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінбеген қалдық.

Есепті жыл қорытындылары бойынша бюджет қаражатының игерілмеуіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша өткен қаржы жылында бөлінген, Бюджет кодексінің 44-бабына сәйкес ағымдағы қаржы жылы толық пайдалануға рұқсат етілген нысаналы даму трансферттерінің игерілмеу сомасы қосылады.

Төмен тұрған бюджеттер жергілікті атқарушы органдарының жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді және бюджеттік кредиттерді игермеу сомасы жоғары тұрған бюджет үшін бюджет қаражатын игермеуге жатпайды.

Жүргізілген бюджеттік мониторинг негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар ай сайын есепті айдан кейінгі айдың алғашқы бес жұмыс күні ішінде осы Нұсқауға 7-қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бөлінісінде қабылданбаған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының уақтылы орындалмағаны туралы еске салатын ақпаратты жібереді.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

21. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның республикалық бюджеттің атқарылуы және жергілікті бюджеттердің атқарылуына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қызмет көрсету саласында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі есепті айдан кейінгі айдың 12-сі күніне кешіктірмей, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын талдау жүргізу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджеттің атқарылуы талдау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне бюджеттің шығыс бөлігінің атқарылуы жөніндегі ақпаратты ұсынады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджеттің атқарылуын талдау жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі ақпараттық жүйеде (бұдан әрі - АЖ) төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарларының орындалмау себептері жөнінде түзетулерді жүзеге асырады және есепті айдан кейінгі айдың 20-сы күнінен кешіктірмей осы Нұсқаудың 9-қосымшасына сәйкес республикалық бюджеттің атқарылуы туралы талдамалы есепті жасайды.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

22. Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Нұсқаудың 8-қосымшасына сәйкес бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есептерді есептіден кейінгі айдың алғашқы жеті күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға ұсынады.

**Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

23. Бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар тоқсан сайын (I тоқсанның қорытындыларынан бастап) есептіден кейінгі 25-сі күніне дейін және қаржы жылының қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе тиісті жергілікті атқарушы органдарға осы Нұсқаудың 9-қосымшасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттердің шығыс бөлігінің атқарылуы туралы талдамалы есепті ұсынады.

Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе тиісті жергілікті атқарушы органдарға ұсынуға арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есепті кезеңдегі талдамалы есеп төлемдер бойынша жоспарлардың орындалмау себептері және міндеттемелер бойынша жоспарға сәйкес міндеттемелерді уақтылы қабылдамау себептері көрсетіле отырып, жүргізілген бюджеттік мониторинг нәтижелеріне негізделеді.

**Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

24. Талдамалы есепті жасау үшін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар есептіден кейінгі айдың алғашқы бес жұмыс күні ішінде, сыртқы қарыздарды есептемегенде бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бөлінісінде қаржыландыру жоспарлары мен төленген міндеттемелер бойынша деректерді АЖ-ға жүктейді. Сыртқы қарыздарды ескере отырып, есепті деректердің қалыптастырылуына қарай бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар көрсетілген ақпаратты АЖ-ға қайталап жүктейді.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

25. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері есепті айдан кейінгі айдың алғашқы жеті күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдарға АЖ-да қалыптастырылған бюджеттік бағдарламаларды іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есепті ұсынады. Аталған есепте әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша төлемдер бойынша жоспарлардың орындалмау себептері және қаржыландыру жоспарларының орындалмауына әкеп соқтырған факторларды көрсете отырып, міндеттемелер бойынша жоспарға сәйкес міндеттемелерді уақтылы қабылдамау себептері егжей-тегжей толтырылады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі 15-і күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Нұсқауға 9-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы талдамалы есепті ұсынады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары ай сайын есепіден кейінгі 10-ы күнінен кешіктірмей облыстың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органына осы Нұсқауға 9-қосымшаға сәйкес ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы талдамалы есепті ұсынады.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

26. Игерілмеу себептеріне мыналар:

өнім берушілердің орындалмаған шарттық міндеттемелері өнім берушілердің шарт талаптарын бұзуы, өнім берушілердің тауарларды жеткізбеуі (уақтылы, жиынтықтап жеткізбеуі), жұмыстарды жүргізу (қызметтерді көрсету) кестесінен артта қалу, орындалған жұмыстар актілерін, шот-фактураларды уақтылы ұсынбау, төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың болмауы немесе ұсынылмауы;

мемлекеттік сатып алу бойынша өтпеген конкурстар;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) басқаруы: конкурстық рәсімдерді уақтылы өткізбеу (өткізбеу), конкурстық рәсімдерді өткізу мерзімдерін ауыстыру, шарттар жасаспау, шарттарды, қосымша келісімдерді жасасу рәсімдерін ұзақ жүргізу, қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізу қажеттілігі, төлем құжаттарын ұзақ келісу, жоспарланған іс-шараларды уақтылы өткізбеу, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өнім берушілер нарығын сапасыз талдау, қазынашылық органында тіркеуге арналған шарттардың кеш ұсынылуы, қазынашылық органына төлемге шоттың кеш ұсынылуы, құжатты орындамай қайтару (дұрыс ресімдемеу, ерекшелікті дұрыс қолданбау, ақша алушылардың деректемелерінің сәйкес келмеу себебі бойынша және басқалар), аванстық төлем мөлшерінің азаюы, шарттың келісу сатысында болуы, конкурстық рәсімдердің ұзақ өткізілуі, техникалық-экономикалық негіздемелерді, қаржы-экономикалық негіздемелерді, жобалау-сметалық құжаттамаларды түзету жатады;

өзге де себептер:

бой бермейтін күш жағдайлар (осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлары (мысалы, дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары), сот талқылаулары, сот шешімдері бойынша төлемдерді жүргізу, сотта мемлекеттің мүддесін қорғау жөніндегі талап-арыз жұмыстарын жүргізу,

бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру бойынша нормативтік құқықтық актілерді уақтылы қабылдау, баптар бойынша ерекше шығындар, көрсетілген қызметтердің іс жүзіндегі көлеміне төлем, сот шешімдерінің болмауы, сот қаулыларына ұзақ қол қою, есепті айда қаражатты жұмсауға қажеттіліктің болмауы, бақылау органдарының тексеру актілері бойынша бюджет қаражатын қайтару, мемлекеттік қабылдау комиссияларының объектілерді қабылдауы туралы актіге қол қоймауы, шарт талаптары бойынша 5% ұстап қалу, қадағалаушы органдардың нұсқамаларына сәйкес шығыстарды тоқтата тұру, бюджетті нақтылау кезінде шығыстарды оңтайландыру, мердігердің көрсетілген қызметтерді түпкілікті төлеуге берген хабарламасына қол қоймау, тиісті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотында қаражаттың жеткіліксіздігіне байланысты бюджеттен қаражатты толық қаржыландырмау.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

27. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.

28. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.

29. Осы Нұсқаудың 8-қосымшасында көрсетілген бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есеп АЖ қолдана отырып жасалады және мынадай түрде толтырылады:

1) 1-11, 13, 14-бағандарды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері толтырмайды (осы бағандардың мазмұны АЖ-ған автоматты түрде алынатын болады) және түзету құқығынсыз оқу режимінде пайдаланылатын болады;

2) 12-бағанда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджет шығыстары жөніндегі бір жылдағы күтілетін атқарылуды әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша 1 қазандағы жағдай бойынша және ағымдағы жылдың соңына дейін бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептен бастап көрсетеді;

3) 15-бағанда төлемдер бойынша жоспардың орындалмауы көрсетіледі;

4) 17-19-бағандарда қалыптасқан бюджет қаражатын үнемдеу сомасы 16-бағанда көрсетіледі;

5) 17-бағанда мемлекеттік сатып алу нәтижесі бойынша бюджет қаражатын үнемдеу көрсетіледі;

6) 18-бағанда еңбекақы төлеу қоры бойынша үнемдеу көрсетіледі;

7) 19-бағанда өзге де бюджет қаражатын үнемдеу көрсетіледі;

8) 20-бағанда Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган резервінің бөлінбеген қалдығы көрсетіледі;

9) 21-бағанда есепті кезеңде бюджет қаражатының игерілмеу көлемі көрсетіледі;

10) 22-25-бағандарда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Нұсқаудың 26-тармағында жазылған жеке, себептер бойынша қалыптасқан сомалар көрсетіледі;

11) 26-27-бағандарда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ай сайын есепті кезеңде игерілмеу және есепті кезеңде міндеттемелердің уақтылы қабылданбау не қабылданбау себептерінің негіздемелерін көрсетеді.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

30. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері нысанды осы бағдарламалық қамтыммен қалыптастырылатын форматта қалыптастырылатын АЖ-да толтырылуы тиіс.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

31. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру туралы есепке орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға) немесе мемлекеттік мекеменің басшысы қол қояды, қойылған қолдар таратылып (тегі және аты-жөні) жазылған болуы тиіс.

Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есепті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қағаз және электрондық тасығыштарда береді.

32. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есептегі барлық құн көрсеткіштері бір ондық мәнімен мың теңгеде ұсынылады.

33. Талдау нәтижелері бюджеттерді атқару жөніндегі тиісті уәкілетті органның басшылығының қаперіне ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-күніне жеткізіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар тиісті жылға республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы талдамалық есепті дайындау кезінде мынадай деректерді пайдаланады:

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өткен қаржы жылында республикалық бюджеттен бөлінген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша түгел пайдалануға рұқсат етілген нысаналы даму трансферттерін түгел пайдалану туралы талдамалық есеп осы Нұсқауға 19-қосымшаға сәйкес;

республикалық бюджеттен бөлінген бюджет қаражатының игерілмеуі жөнінде осы Нұсқауға 20-қосымшаға сәйкес;

республикалық бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалуды туралы осы Нұсқауға 21-қосымшаға сәйкес.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.11.2015 № 583 бұйрығымен.

33-1. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы айдың жиырмасы күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Нұсқаудың 15-қосымшасына сәйкес төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының күтілетін орындалуы туралы ақпаратты ұсынады;

Ескерту. Нұсқау 33-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 24.06.2013 № 294 бұйрығымен.

33-2. Осы Нұсқаудың 15-қосымшасында көрсетілген төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының күтілетін орындалуы туралы ақпарат былайша толтырылады:

1) 1–4-бағандарда бірыңғай бюджеттік сыныптаманың функционалдық сыныптамасына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің кодтары мен атаулары, бағдарлама мен кіші бағдарлама көрсетіледі;

2) 5–6-бағандарда әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша қаржы жылының басынан өсу қорытындысымен, сондай-ақ алдағы айға арналған төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының сомасы көрсетіледі;

3) 7–8-бағандарда әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша қаржы жылының басынан өсу қорытындысымен, сондай-ақ алдағы айға арналған бюджет шығыстары бойынша күтілетін атқарылу сомасы көрсетіледі;

4) 9-10-бағандарда әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығыстар жөнінде күтілетін атқарылудың пайызы көрсетіледі;

5) 11-12-бағандарда әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша қаржы жылының басынан өсу қорытындысымен, сондай-ақ алдағы айға арналған жоспардың болжамдалатын атқарылу сомасы көрсетіледі.

Ескерту. Нұсқау 33-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 24.06.2013 № 294; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 23.11.2015 № 583 бұйрықтарымен.

### **§ 3 Облыстық бюджеттерге, Алматы және Астананың қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің атқарылуын талдау**

34. Облыстық бюджеттерге, Алматы және Астананың қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің атқарылуын талдауды республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы жөніндегі есептілік және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері берген ақпараттар негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар жүзеге асырады.



35. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға:

1) нысаналы ағымдағы трансферттердің, нысаналы даму трансферттері мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептерді:

есепті айға - ай сайын есептіден кейінгі айдың 4-і күнінен кешіктірмей;

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей осы Нұсқаудың 10-қосымшасына сәйкес;

2) ББӘ-нің өткен қаржы жылында бөлінген және жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша түгел пайдалануға рұқсат етілген республикалық бюджеттен берілген нысаналы даму трансферттерін ағымдағы жылы түгел пайдалану нәтижелері туралы есепті;

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей осы Нұсқаудың 16-қосымшасына сәйкес ұсынады.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

36. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдары облыстың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органына:

1) облыстық бюджеттен бөлінген және республикалық бюджеттің трансферттері есебінен іске асырылып жатқан нысаналы ағымдағы трансферттердің, дамуға арналған нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есепті:

есепті айға - есептіден кейінгі айдың 7-і күнінен кешіктірмей;

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 28 қаңтарынан кешіктірмей осы Нұсқаудың 11-қосымшасына сәйкес ұсынады.

2) өткен қаржы жылында бөлінген және жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша түгел пайдалануға рұқсат етілген республикалық бюджеттен берілген нысаналы даму трансферттерін ағымдағы жылы түгел пайдалану мониторингінің нәтижелері туралы аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының есебін:

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей осы Нұсқаудың 17-қосымшасына сәйкес ұсынады.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

37. Облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға:

1) республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттердің, нысаналы даму трансферттері мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептерді:

есепті айға - есептіден кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей;

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей осы Нұсқаудың 12-қосымшасына сәйкес;

2) өткен қаржы жылында бөлінген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша түгел пайдалануға рұқсат етілген республикалық бюджеттен берілген нысаналы даму трансферттерін ағымдағы жылы түгел пайдалану нәтижелері туралы облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының есебін:

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей осы Нұсқаудың 18-қосымшасына сәйкес ұсынады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдары есептерді жасау кезінде республикалық бюджеттен бөлінген бюджеттің бекітілген, нақтыланған және түзетілген сомаларының дұрыс көрсетілуін қамтамасыз етеді және республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттардың игерілмеу себептерін талдауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

38. Бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар облыстық бюджеттерге, Алматы және Астананың қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің іске асырылуы туралы талдамалық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметіне, тиісті жергілікті атқарушы органдарға тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-і күніне және қаржы жылының қорытындылары бойынша есепті қаржы жылынан кейінгі екінші айдың 25-і күніне осы Нұсқаудың 13-қосымшасына сәйкес ұсынады.

**Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

39. Осы Нұсқаудың 12-қосымшасында көрсетілген облыстық бюджеттерге, Алматы және Астананың қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттердің, нысаналы даму трансферттері мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есеп пен осы Нұсқаудың 13-қосымшасында көрсетілген облыстық бюджеттерге, Алматы және Астананың қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылуы туралы талдамалық есеп АЖ пайдалана отырып жасалады.

10, 11, 12 және 13-қосымшалар мынадай түрде толтырылады:

1) 1-бағанда республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды көрсетіледі;

- 2) 2-бағанда бюджет бағдарламаның коды көрсетіледі;
- 3) 3-бағанда инвестициялық жобалардың атауы көрсетіледі;
- 4) 4-бағанда 1-2-бағандардағы кодтарына сәйкес келетін бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес бюджет шығыстары кодтарының атауы көрсетіледі;
- 5) 5-7-бағандарда бекітілген, нақтыланған және түзетілген республикалық бюджеттің сомалары көрсетіледі;
- 6) 8-бағанда Республикалық бюджеттен есепті кезеңде бөлінген нысаналы трансфертер мен кредиттердің сомасы көрсетіледі;
- 7) 9-бағанда жергілікті бюджеттің есепті кезеңдегі төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары көрсетіледі;
- 8) 10-бағанда қазынашылық органдарында қабылданған міндеттемелер көрсетіледі;
- 9) 11-бағанда төленген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;
- 10) 12-бағанда республикалық бюджеттен есепті кезеңде бөлінген соманың атқарылу пайызы көрсетіледі;
- 11) 13-бағанда 9-айдың қорытындыларынан бастап және қаржы жылының аяғына дейін бір жылдық қаржыландыру жоспарының күтілетін орындалуы көрсетіледі;
- 12) 14-бағанда 9-айдың қорытындыларынан бастап және қаржы жылының аяғына дейін бір жылдық қаржыландыру жоспарының күтілетін орындалмауы көрсетіледі;
- 13) 15-бағанда төленген міндеттемелер мен республикалық бюджеттен есепті кезеңде бөлінген сомалардың арасындағы айырма ретінде жылдың аяғында РБ-дан бөлінген қаражаттың қалдығы көрсетіледі;
- 14) 16-бағанда есепті кезеңдегі бюджет қаражатын үнемдеудің жалпы сомасы көрсетіледі;
- 15) 17-бағанда мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қалыптасқан қаражаттың үнемделген сомасы көрсетіледі;
- 16) 18-бағанда ЕТҚ бойынша үнемдеу сомасы көрсетіледі;
- 17) 19-бағанда бюджет қаражатын басқа да үнемдеу көрсетіледі;
- 18) 20-бағанда есепті кезеңдегі бюджет қаражатының игерілмеу көлемі;
- 19) 21-24-бағандарда Нұсқаудың 26-тармағында жазылған жеке, себептер бойынша қалыптасқан сомалар көрсетіледі;
- 20) 25-бағанда есепті кезеңде республикалық бюджеттен бөлінген сомалардың игерілмеу себептері толық сипатталады;
- 21) 26-бағанда бір жылға арналған қаржыландыру жоспарының күтілетін орындалмауының себептері сипатталады.

**Ескерту. 39-тармақ жана редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

40. Облыстық бюджеттерге, Алматы және Астананың қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің, дамуға арналған нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептер мен облыстық бюджеттерге, Алматы және Астананың қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылуы туралы талдамалық есептердің шығу нысандары қағаз тасығыштарда ұсынылады және оларға негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың басшылары қол қояды, қойылған қолдар (тегі және аты-жөні) таратылып жазылады.

41. Облыстық бюджеттерге, Алматы және Астананың қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің, дамуға арналған нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептеріндегі және облыстық бюджеттерге, Алматы және Астананың қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылуы туралы талдамалық есептердегі барлық құн көрсеткіштері теңгеде толтырылып, сонымен қатар шығыс нысандарында бір ондық белгімен мың теңгеде көрсетіледі.

**Ескерту. 41-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

42. Облыстық бюджеттерге, Алматы және Астананың қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің атқарылуын талдау нәтижелері бюджетті атқару жөніндегі тиісті уәкілетті орган басшылығының қаперіне жеткізіліп отырады.

42-1. Нысаналы трансферттердің атқарылуына талдау жүргізу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың есепті деректерінің негізінде республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер бойынша осы Нұсқаудың 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бір жылдық жоспардың күтілетін орындалуына болжамдауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 42-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 23.11.2015 № 583 бұйрығымен.**

#### **4. Бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуын талдау**

**Ескерту. 4-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.10.2016 № 567 бұйрығымен.**

43. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есепті осы Нұсқаудың 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасайды.

Бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есеп ағымдағы қаржы жылының 15 ақпанына дейінгі мерзімде әрбір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) бөлінісінде оған түсіндірме жазба мен қағаз және магнитті (электрондық) тасығыштарда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға беріледі.

44. Осы Нұсқауға 14-қосымшада көрсетілген өткен қаржы жылындағы бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру туралы есеп былайша толтырылады:

"Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы" деген жолда бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің толық атауы және оның коды көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы" деген жолда бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес бюджеттік бағдарламаның коды және атауы көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарламаның түрі" деген жолда "мемлекеттік басқару деңгейіне қарай", "мазмұнына қарай", "іске асыру тәсіліне қарай" "ағымдағы/даму" деген жолдар бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10176 болып тіркелген) бекітілген Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптарына сәйкес әзірленген бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламадан (бұдан әрі – бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарлама) деректер көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарламаның мақсаты" деген жолда бюджеттік бағдарламаны орындау кезінде қол жеткізу болжанатын мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының стратегиялық мақсаттарымен, аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттарымен, мемлекеттік органдардың ережелерінде және басқа да нормативтік құқықтық актілерде айқындалған өкілеттіктермен байланыстырылған белгілі бір нәтиже келтіріледі (бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) сәйкес);

"Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі)" деген жол бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) сәйкес толтырылады;

"Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстарының жиыны" деген жолда есепті қаржы жылындағы жоспарлы және нақты бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың қорытынды сомасы мың теңгеде көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері" деген жолда мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелеріне қол жеткізумен негізделген стратегиялық жоспардың, аумақтарды дамыту бағдарламасының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуді сандық өлшейтін бюджеттік бағдарлама көрсеткіштері көрсетіледі. Жоспарлы көрсеткіштер бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) сәйкес толтырылады.

"Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы" деген жолда бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес бюджеттік кіші бағдарламаның коды және атауы көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламада кіші бағдарламалар болмаған жағдайда, бюджеттік бағдарламада бұл жол көрсетілмейді;

"Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі" деген жолда мазмұнына байланысты бюджеттік кіші бағдарламаның түрі көрсетіледі, сондай-ақ ағымдағы кіші бюджеттік бағдарлама не кіші бюджеттік даму бағдарламасы көрсетіледі;

"Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі)" деген жолда кіші бағдарламаның қысқаша сипаттамасы және кіші бағдарламаны іске асырудың бюджеттік бағдарламаның мақсаты мен түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуге ықпалын бағалау келтіріледі.

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі) бюджеттік бағдарламаның сипаттамасын (негіздемесін) қайталамауы тиіс.

Бюджеттік бағдарламада кіші бағдарламалар болмаған жағдайда, бюджеттік бағдарламада бұл жол көрсетілмейді;

"Тікелей нәтиже көрсеткіштері" деген кестеде қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызмет көрсететін мемлекеттік органның қызметіне толық тәуелді болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде атқарылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер мен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көлемінің санмен өлшенетін сипаттамасы көрсетіледі. Жоспарлы көрсеткіштер бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) сәйкес толтырылады.

Бюджеттік бағдарламада кіші бағдарламалар болған жағдайда, бұл кесте бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) сәйкес әрбір кіші бағдарлама бойынша толтырылады.

Жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттері есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштері жергілікті бюджеттік инвестициялар бөлінісінде көрсетіледі.

"Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар жиыны" деген жолда бюджеттік кіші бағдарлама бойынша есепті қаржы жылындағы жоспарлы және нақты шығыстардың қорытынды сомасы мың теңгеде көрсетіледі;

Қажет болған кезде бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) сәйкес бағыттар бөлінісінде көрсетілуі мүмкін.

45. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру туралы есеппен бір уақытта ұсынылатын түсіндірме жазба мыналарды қамтиды:

1) бюджеттік бағдарламаның атауы;

2) бюджеттік бағдарлама бойынша есепті жылдағы төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарының атқарылуы, төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарынан міндеттемелердің ауытқуы; бюджет қаражатын үнемдеу сомасы, игерілмеу себептері көрсетілген игерілмеу сомасы;

3) бюджеттік бағдарламаның нәтиже көрсеткіштері:

бюджеттік даму бағдарламалары бойынша бюджеттік инвестициялық жобалар (бұдан әрі - БИЖ) бөлінісіндегі ағымды бюджеттік бағдарламалар бойынша көздеген қаражаттар пайдаланылған іс шаралар;

қол жеткізілген тікелей, түпкілікті нәтиже көрсеткіштерін сипаттай отырып, сондай-ақ қол жеткізілмеген немесе асыра орындалған көрсеткіштері себептерін көрсете отырып, қол жеткізілмеген немесе асыра орындалған көрсеткіштердің бюджеттік бағдарламасының нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуді талдау;

бюджеттік бағдарлама бойынша бюджет қаражатының игерілу пайызына қатысты нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуді талдау, нәтижелер мен бюджет қаражатының игерілу пайызында алшақтық болған жағдайда себептеріне түсініктеме беру және тиісті ұйғарым жасау;

болған жағдайда бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару туралы ақпаратты келтіру.

Республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшілері, өткен жылмен салыстырғанда өзгерістер серпінін ескере отырып ел, өңір, сала дамуына, экономикалық-әлеуметтік саласына, халықтың тұрмыс деңгейіне бюджеттік бағдарлама шеңберінде орындалған іс-шаралардың ықпал етуі туралы ақпарат қосымша ұсынылады, атап айтқанда:

субсидия беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша:

есепті жылы субсидия алған кәсіпорындар бөлінісінде төленген салықтардың жалпы сомасы;

құрылған жұмыс орнының саны, оның ішінде тұрақты;

оңалту рәсімінен өткен кәсіпорындар саны;

өз қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартқан кәсіпорындар саны;

субсидияланатын қызметтермен қамтылған халықтың саны;

субсидиялаумен қамтылған өндірілген өнімінің көлемі (алдыңғы жылмен салыстырғанда төмендеу немесе ұлғайу);

қолданбалы және іргелі ғылымның дамуына бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша:

ғылыми эзирлемелерді коммерцияландыру (ғылыми зерттеулер нәтижелерінің практикалық тұрғыдан жүзеге асырылуы, өнеркәсіп арасындағы байланыс);

басқа дамыған елдерімен салыстырғанда ғылыми нәтижелердің деңгейі (рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдар бойынша);

жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының белсене қатысуы арқылы экономиканы инновациялық дамыта отырып, ғылымды синхрондау;

зертханаларды жарақтандыру шеңберінде сатып алынған құрал-жабдықтардың тиімділігі;

БИЖ іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша:

іске асырылған БИЖ-дердің, оның ішінде есепті жылда пайдалануға берілген объектілердің саны;

құрылған жұмыс орнының саны (БИЖ іске асыру кезінде және /немесе объектіні пайдалануға енгізгеннен кейін);

БИЖ-ді іске асырудан негізгі пайда алушыларды көрсете отырып, ел, өңір, саланың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне есепті кезеңде іске асырылатын БИЖ-дің ықпал етуі.

жарғылық капиталын ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша:

жұмсаудың басым бағыттары, яғни инвестициялық жобалар (іс-шаралар) бөлінісінде;

квзимемлекеттік сектор субъектілермен жобаларды (іс-шараларды) іске асырудан әлеуметтік-экономикалық нәтиже, ел, өңір, саланың дамуына ықпал етуі (төленген салықтардың жалпы сомасы, құрылған жұмыс орнының саны, нәтижеде қандай өңірлік (ғаламдық) мәселелер шешілді);

олардың пайдаланылмау себептерін көрсете отырып, ағымдағы жыл мен өткен жылдардың қалдықтарына бөле отырып квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы (бұдан әрі – ҚҚАБШ) қаражат қалдықтары;

квзимемлекеттік сектор субъектілерінің екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге орналастырған республикалық бюджеттен бөлінген қаражаты туралы ақпарат;

квзимемлекеттік сектор субъектілерінің борышы, оның ішінде сыртқы борышы туралы ақпарат;



квазимемлекеттік сектор субъектілерінің соңғы үш жылдағы бюджеттен бөлінген қаражатты пайдалану бойынша серпіні;

бюджеттік кредиттеуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша:

квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджеттік кредит беру арқылы іс-шараларды іске асырудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі;

бюджеттік кредит есебінен іске асырылатын іс-шаралардың өзін-өзі ақтауы;

облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын бюджеттік бағдарламалар бойынша;

іске асырылған БИЖ-дердің, оның ішінде есепті жылда пайдалануға берілген объектілердің саны;

құрылған жұмыс орнының саны (БИЖ іске асыру кезінде және /немесе объектіні пайдалануға енгізгеннен кейін);

өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне әсер.

4) соңғы үш жылда бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджет қаражатын игеру серпіні;

5) бюджет тәртібінің жағдайы туралы (жылдың басымен салыстырғанда дебиторлық және кредиторлық берешектердің болуы туралы (пайда болған берешектердің себептерін көрсете отырып, ұлғаюын немесе төмендеуін, оның ішінде өткен жылдар берешегі және дебиторлық және кредиторлық берешектерді өтеу бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қабылдайтын шаралары);

б) бақылау органдары жүргізген (тексерулер бөлінісінде) бюджет қаражатын пайдаланудың атаулылығы мен нысаналы сипаттығы, Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуы, бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданған шараларды баяндай отырып, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру тиімділігі тұрғысынан) тексерулер бойынша ақпарат;

46. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынған ақпараты, ішкі бақылау қызметтерінің материалдары, сондай-ақ ішкі және сыртқы факторлардың әсерін анықтау негізінде негізінде бюджеттік бағдарламаның нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізу жөнінде талдау жүргізеді;

47. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган оның негізінде алынған ақпаратты тиісті бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есепке енгізу үшін бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуге талдауды жүзеге асырады.

## **5. Ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есепті жасау және ұсыну тәртібі**

**Ескерту. Нұсқаулық 5-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

48. Жергілікті атқарушы органдар осы Нұсқауға 22-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есеп жасайды.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы жылдың қорытындылары бойынша бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есепті есептіден кейінгі жылдың 28 қаңтарына дейін облыстың тиісті жергілікті атқарушы органына ұсынады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары жылдың қорытындылары бойынша бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есепті есептіден кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін республикалық бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісіне ұсынады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есептіден кейінгі жылдың 10 ақпанына дейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы жиынтық есепті ұсынады.

49. Бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есеп мынадай тәртіппен жасалады:

"Мемлекеттік органның атауы" деген жолда төмен тұрған бюджеттің жергілікті атқарушы органы көрсетіледі;

"Ағымдағы нысаналы трансферттің атауы" деген жолда жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасының атауы көрсетіледі;

"Есеп кезеңі" деген жолда есепті қаржы жылы көрсетіледі;

"Жоғары тұрған бюджеттен алынған қаражат сомасы" деген жолда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жоғары тұрған бюджеттен алынған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасы көрсетіледі;

"(бюджеттік бағдарламаның атауы)" және "(бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды)" деген жолдарда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттер іске асырылатын төмен тұрған бюджеттің

бюджеттік бағдарламасының (кіші бағдарламасының) атаулары мен коды толтырылады;

"Тікелей нәтиже" деген жол бойынша:

"Көрсеткіштер атауы (жоспарланатын іс-шаралар)" деген бағанда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілуі тиіс бюджеттік бағдарламаларда (кіші бағдарламаларда) көзделген жоспарланатын (орындалатын) іс-шаралар көрсетіледі;

"Іс-шаралардың нақты орындалуы, нәтижелерге қол жеткізу сатысы" деген бағанда іс-шаралардың нақты орындалуы, яғни жыл қорытындылары бойынша қанша пайызға жұмыстардың орындалғаны және қызметтердің ұсынылғаны көрсетіледі, жұмыстар мен қызметтердің орындалу сатысы көрсетіледі, есепті жылдағы жұмыстар мен қызметтердің орындалу (тауарларды сатып алу) сатысы сипатталады;

"Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері" деген бағанда игерілмеу сомасына байланысты ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша тікелей нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері толық сипатталады. Жоспарланған іс-шаралар кестеден қалып қойған жағдайда қалып қою себептері көрсетіледі;

"Жоспар, мың теңгемен" және "Факті, мың теңгемен" деген бағандарда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жоғары тұрған бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасы, және ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша олардың нақты атқарылуы көрсетіледі;

"Атқарылмауы, мың теңгемен" деген бағанда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің сомалары мен олардың ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша нақты атқарылу сомалары арасындағы айырма көрсетіледі;

"Игерілмеу, мың теңгемен" деген бағанда бюджет қаражатын үнемдеуді қоспағанда, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша атқарылмау сомасы ретінде айқындалатын игерілмеу сомасы көрсетіледі;

"Түпкілікті нәтиже" деген жол бойынша:

"Жоспарланған көрсеткіштер (іс-шаралар)" деген бағанда бюджеттік бағдарламада (кіші бағдарламада) көзделген түпкілікті нәтижелер, яғни қол жеткізілген тікелей нәтиженің мақсаттарға қол жеткізуге күтілетін әсері көрсетіледі;

"Нәтижелерге нақты қол жеткізу" деген бағанда түпкілікті нәтижелердің нақты орындалуы, яғни қол жеткізілген тікелей нәтиженің салаға қандай әсер көрсеткені, ондағы проблеманың қаншалықты шешілгені көрсетіледі;

"Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері" деген бағанда түпкілікті нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері толық сипатталады.

50. Бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есепке еркін нысанда толтырылатын ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен саладағы (қызмет аясындағы) проблемалардың шешілуі, қол жеткізілген мақсаттар, нәтижелердің көрсеткіштері туралы түсіндірмелерді қамтитын түсіндірме жазба қоса беріледі.

Түсіндірме жазба жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жоғары тұрған бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалануы туралы ақпаратты қамтиды, олардың есепті кезеңдегі жұмсалудың негізгі бағыттарын, қол жеткізілген мақсаттар мен нәтижелер көрсеткіштерінің талдауын, ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу негіздемелерімен және себептерімен бірге ағымдағы нысаналы трансферттердің игерілген және игерілмеген сомаларының сипаттамасы қамтиды.

Бюджеттік мониторинг  
жүргізу нұсқауына  
1-қосымша

нысан

**Алдыңғы аймен салыстырғанда ағымдағы айдағы жергілікті (облыстық бюджеттердің (республикалық маңызы бар қала, астана) бюджеттер түсімдерінің санаттары бойынша кірістер түсімдерінің өсу немесе төмендеу себептерін талдау**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

*I.* Алдыңғы аймен салыстырғанда ағымдағы жылдың есепті айында жергілікті (облыстық бюджеттердің (республикалық маңызы бар қала, астана) бюджеттерінің салық және төлемдері түсімдерінің өсуінің/төмендеуінің негізгі себептерімың теңге

БС коды	Салықтар мен төлемдердің атауы	алдыңғы айдағы түсімдер	есепті айдағы түсімдер	ауытқу (4-б.-3-б.)	түсімдердің өрлеу қарқыны/ төмендеу, % (4-б./3-б.)*100)	Себептер
1	2	3	4	5	6	7
	Көрсетілгендер бойынша жиыны					

*II.* Жергілікті бюджеттердің (облыстық бюджеттердің (республикалық маңызы бар қала, астана) ағымдағы жылдың есепті айында республикалық бюджеттің

салықтары және төлемдері бойынша біржолғы түсімдер мен олардың пайда болу себептері  
мың теңге

БС коды	Салықтар мен төлемдердің атауы	барлығы	оның ішінде біржолғы түсімдер	Себептер
...				
	Көрсетілгендер бойынша жиыны			

Ескерту: бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдар осы нысанды облыс бюджеті, облыстық бюджеттің өзі, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті бөлігінде толтырады

Бюджеттік мониторинг  
жүргізу Нұсқауына  
2-қосымша

**Республикалық және жергілікті (облыс бюджеті (республикалық маңызы бар қала, астана) аудан бюджеті (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерге түсімдер түрлері бойынша жыл басынан жоспарды асыра орындау немесе орындамау себептерін талдау**

**Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

**Ағымдағы жылдың есепті кезеңінде түсімдер бөлінісінде (бюджет атауы) түсімдер жоспарларының асыра орындалу себептері**

мың теңге

N	БС коды	Түсімдердің атауы	Есепті күнге арналған түсімдер жоспары	Есепті күнгі түсу фактісі	Ауытқу (5- б .-4- б .)	жоспарды орындау %- ы (5-б ./4- б ) *100)	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7	8
1							
2							
...							
n		т. б .					

**Ағымдағы жылдың есепті кезеңінде түсімдер бөлінісінде (бюджет атауы) түсімдер жоспарларының асыра орындалу себептері**

мың теңге

N	БС коды	Түсімдердің атауы	Есепті күнге арналған түсімдер жоспары	Есепті күнгі түсу фактісі	Ауытқу (5- б.-4- б.)	жоспарды орындау %- ы (5- б./4- б.)*100)	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7	8
1							
2							
...							
n		т.б.					

Ескерту: бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдар осы нысанды облыс бюджеті, облыстық бюджеттің өзі, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті бөлігінде толтырады.

Бюджеттік мониторинг  
жүргізу Нұсқауына  
3-қосымша

**Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ағымдағы жылдың есепті кезеңінде бюджетке төленетін түсімдерін талдау**

**Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

мың теңге

N	БС коды	Түсімдердің атауы	ағымдағы жылдың есепті кезеңінде түсу фактісі	өткен жылдың ұқсас кезеңінде түсу фактісі	Ауытқу (4 -б.-5-б.)	өсу қарқынының, төмендеудің %-ы	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7	8
1							
2							
...							
n		т.б.					

Ескерту: бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдар осы нысанды облыс бюджеті, облыстық бюджеттің өзі, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті бөлігінде толтырады

Бюджеттік мониторинг  
жүргізу Нұсқауына  
4-қосымша

## Өңірлер бөлінісінде жыл басынан республикалық және жергілікті бюджеттер кірістерінің жоспарлы көрсеткіштерінің орындалмау себептерін талдау

Ескерту. 4-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.

мың теңге

Облыстардың , аймақтардың , аудандардың атауы	Бюджет деңгейі			
	Есепті күнге арналған түсімдер жоспары	Есепті күнгі түсу фактісі	Ауытқу (3- б .-2 - б .)	атқарылу % (3-б ./2- б . ) *100)
1	2	3	4	5
Жиыны :				

кестенің жалғасы

жоспар орындалмаған негізгі салықтар		олар бойынша атқарылмау сомасы	Себептер
БС коды	Салықтар мен төлемдердің атауы		
6	7	8	9

Ескерту: бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдар осы нысанды облыс бюджеті, облыстық бюджеттің өзі, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті бөлігінде толтырады.

Бюджеттік мониторинг  
жүргізу Нұсқауына  
5-қосымша

**Салықтар мен төлемдер бөлінісінде мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер бойынша бересі сомасын талдау**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2012.10.04 N 453 Бұйрығымен.

**Ағымдағы жылдың басынан " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша бересіні талдау**

мың теңге

№	БС коды	Салықтар мен төлемдердің атауы	Ағымдағы жылдың басына бересі	Ағымдағы жылдың есепті күніне бересі	Ауытқу (5-бағ.-4-бағ.)	Себептер
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
...						
n						

**Ағымдағы жылдың есепті айындағы бересіні талдау**

мың теңге

№	БС коды	Салықтар мен төлемдердің атауы	Ағымдағы жылдың есепті айының басына бересі	Ағымдағы жылдың есепті айының аяғына бересі	Ауытқу (5-бағ.-4-бағ.)	Себептер
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
...						
n						

Ескерту: бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдар осы нысанды облыс бюджеті, облыстық бюджеттің өзі, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті, аудандар (облыстық маңызы бар қала) бюджеттері бөлігінде толтырады.

Бюджеттік мониторинг  
жүргізу Нұсқауына  
6-қосымша

**" \_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж. мемлекеттік бюджет кірістерінің орындалуы**

Ескерту. 6-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.

мың теңге

--	--	--	--	--	--	--



Төлем атауы	М Б жоспары	М Б фактісі	Ауытқу ( Гр .3- Гр .2)	орындалу %-ы (Гр .3/ Гр .2)	Р Б жоспары
1	2	3	4	5	6
Салықтық түсімдер					
Корпоративтік табыс салығы					
Жеке табыс салығы					
Әлеуметтік салық					
Мүлікке салық					
Жер салығы					
Көлік құралдарына салық					
Бірыңғай жер салығы					
Қосылған құн салығы					
1) ІТӨ - не ҚҚС					
2) импортқа ҚҚС					
Акциздер ,					
1) ІТӨ акциздер					
2) Импортқа акциздер					
Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланудағы түсімдер					
Халықаралық сауда мен ішкі операцияларға салықтар					
Басқа да салықтар					
Мемлекеттік баж					
Салықтық емес түсімдер					
Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер					
Трансферттер түсімдері					
<b>БАРЛЫҒЫ</b>					
Кедендік төлемдер және салықтар					

### кестенің жалғасы

Р Б фактісі	Ауытқу ( Гр.7-Гр.6)	жүргізу ережесіне қосымша	6- Ж Б жоспары	Ж Б фактісі	Ауытқу ( Гр.11-Гр .10)	орындалу % ( Гр.11/Гр.10)	Ұлттық қорға түсімдер	МБ + Ұлттық қорға түсімдер
7	8	9	10	11	12	13	14	15

**\_\_\_\_\_ 200\_\_ жылғы бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) кесіндісінде қабылданбаған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының уақтылы орындалмауы туралы ақпарат - ескерту**

**Ескерту. 7-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376 Бұйрығымен.**

мың теңге

Бюджеттік сыныптама коды			Атауы	Есепті қаржы жылына түзетілген бюджет
ББӨ	Бағдарлама	Кіші бағдарлама		
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Есепті кезеңге жиынтық жоспар		Төленген міндеттемелер	орындалу % (8-б./6-б.*100)	Орындалмау сомасы (8-топ - 6-топ)	Тіркелген міндеттемелер	Қабылданбаған міндеттемелер сомасы
төлемдер бойынша	міндеттемелер бойынша					
6	7	8	9	10	11	12

Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқауына 8-қосымша

НЫСАН

**200\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ жағдай бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есеп**

**Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі  
 Бюджеттің түрі  
 Есепті кезең  
 мың. теңге

--	--	--	--	--	--

Кодтар			Атауы	Бір жылға арналған жиынтық қаржыландыру	Есепті кезеңге жиынтық қаржыландыру жоспары		Қабылданған міндеттемелер	Қабылданған міндеттемелер
ББӨ	Бағдарлама	Кішібағдарлама			міндеттемелер бойынша	төлемдер бойынша		
1	2	3	4	5	6	7	8	9
			Барлығы					
			оның ішінде:					
			Ағымдағы бағдарламалар					
			...					
			Д а м у бағдарламалары					
			...					

#### кестенің жалғасы

оның ішінде игерілмеу себептері				Ескертпе (ББӨ есепті кезеңге игерілмеу себептерін негіздеуі)	Ескерту (ББӨ әкімшілерінің міндеттемелерді уақтылы қабылдамауының не қабылдамауы себептерінің негіздемесі)
тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өнім берушілерінің орындалмаған шарттық міндеттемелері	мемлекеттік сатып алу бойынша өтпеген конкурстар	Б Б Ө бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) басқару	өзге де себептері		
22	23	24	25	26	27

Ескерту: \* 12-бағанды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы жылғы 9 айдың қорытындысынан бастап ағымдағы жылдың соңына дейін толтырады.

\*\*\* осы Нұсқаудың 23-тармағына сәйкес есепті тоқсан сайын ұсыну үшін; осы Нұсқаудың 25-тармағына сәйкес есепті ай сайын ұсыну үшін

Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы орган жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға)/мемлекеттік мекеме

басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолды таратып жазу)

Қаржы қызметі басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджеттік мониторинг  
жүргізу нұсқауына  
9-қосымша

нысан

**200 \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_ жағдай бойынша  
\_\_\_\_\_ бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есеп**

**Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

Бюджет түрі \_\_\_\_\_

Мерзімділігі \*\*\*

мың. теңге

Кодтар			Атауы	Бір жылға арналған жиынтық қаржыландыру	Есепті кезеңге жиынтық қаржыландыру жоспары		Қабылданған міндеттемелер	Қабылданған міндеттемелер - 6-б
ББӘ	Бағдарлама	Кішібағдарлама			міндеттемелер бойынша	төлемдер бойынша		
1	2	3	4	5	6	7	8	9
			Барлығы					
			оның ішінде:					
			Ағымдағы бағдарламалар					
			...					
			Д а м у бағдарламалары					
			...					

**кестенің жалғасы**

оның ішінде игерілмеу себептері				Ескертпе (ББӘ есепті кезеңге игерілмеу себептерін негіздеуі)	Ескерту (ББӘ әкімшілерінің міндеттемелерді у а қ т ы л ы қабылдамауының не қабылдамауы себептерінің негіздемесі ) ББӘ бюджеттік
тауарлардың ( жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) ө н і м берушілерінің орындалмаған	мемлекеттік сатып алу бойынша өтпеген конкурстар	Б Б Ә бюджеттік бағдарламаны	тауарлардың ( жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) ө н і м берушілерінің орындалмаған	сатып алу бойынша	

шарттық міндеттемелері		(кіші бағдарламаны) басқару	шарттық міндеттемелері	өтпеген конкурстар	бағдарламаны (кіші бағдарламаны) басқару
22	23	24	25	26	27

Ескерту: \* 12-баған ағымдағы жылдың 9 айдың қорытындысынан бастап және ағымдағы жылдың соңына дейін толтырылады

\*\*\* осы Нұсқаудың 23-тармағына сәйкес есепті тоқсан сайын ұсыну үшін; осы Нұсқаудың 25-тармағына сәйкес есепті ай сайын ұсыну үшін

Бюджетті атқару жөнінде уәкілетті орган құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджеттік мониторинг  
жүргізу нұсқауына  
10-қосымша

нысан

**\_\_\_\_\_ жылғы жағдай бойынша жергілікті бюджеттен бөлінген және республикалық бюджеттен трансферттер есебінен іске асырылатын нысаналы ағымды трансферттерді, нысаналы даму трансферттерін және кредиттерді іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің есебі**

**Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.**

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі: \_\_\_\_\_

Бюджеттің түрі: \_\_\_\_\_

Мерзімділігі: ай сайын

мың теңге

ББӨ	Бағдарлама	о н ы н ішіндеинвестжоба	Атауы	РБ _____ ж . бекітілген бюджет	РБ _____ ж. нақтыланған бюджет	РБ _____ ж түзетілген бюджет	ЖБ бөлінген және есепті кезеңде РБ трансферттері есебінен іске асырылатыны	Есепті кез ЖБ төлем бойынша қаржылан, жоспары
1	2	3	4	5	6	7	8	9









			Д а м у бағдарлама лары					
			...					
			Кредиттер					

**кестенің жалғасы**

Есептік кезеннің аяғына орындалмаған сомасы (11бағ-8бағ)	Есептік кезеннің бюджет қаражатын үнемдеу барлығы (17бағ+18бағ+19бағ)	оның ішінде			есепті кезеңге игерілмеу (15бағ-16бағ)	оның ішінде игерілмеу себептері			
		мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қаражатты үнемдеу	Е Т Қ бойынша үнемдеу	өзге де үнемдеу		тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) ө н і м берушілерінің орындалмаған шарттық міндеттемелері	мемлекеттік сатып алу бойынша өтпеген конкурстар	Б Б Ә бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) басқаруы	
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24

Бюджетті атқару жөнінде уәкілетті орган құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолды таратып жазу)

Облыстың, республикалық маңызы

бар қаланың және астананың бюджетті атқару

жөніндегі уәкілетті органының басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә. қолды таратып жазу)

Бюджеттік мониторинг  
жүргізу нұсқауына  
13-қосымша

нысан

**\_\_\_\_\_ жылдағы жағдай бойынша облыстардың, Алматы және Астана қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттердің, нысаналы даму трансферттерінің іске асырылуы туралы талдамалы есеп**

Ескерту. 13-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2016 № 411 бұйрығымен.

Мерзімділігі: тоқсан сайын

мың.теңге

ББӨ	Бағдарлама	оның ішінде инвестжоба	Атауы	РБ _____ ж. бекітілген бюджет	РБ _____ ж. нақтыланған бюджет	РБ _____ ж. түзетілген бюджет	ЖБ бөлінген және есепті кезеңде РБ трансферттері есебінен іске асырылатыны	Есепті кез ЖБ төлем бойынша қаржылан, жоспары
1	2	3	4	5	6	7	8	9
			Нысаналы трансферттердің барлығы					
			оның ішінде:					
			Ағымдағы бағдарламалар					
			...					
			Д а м у бағдарламалары					
			...					
			Кредиттер					

кестенің жалғасы

Есептік кезеннің аяғына орындалмаған сомасы (11бағ-8бағ)	Есептік кезеннің бюджет қаражатын үнемдеу барлығы (17бағ+18бағ+19бағ)	оның ішінде			есепті кезеңге игерілмеу (15бағ-16бағ)	оның ішінде игерілмеу себептері			
		мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қаражатты үнемдеу	Е Т Қ бойынша үнемдеу	өзге де үнемдеу		тауарлардың ( жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) ө н і м берушілерінің орындалмаған шарттық міндеттемелері	мемлекеттік сатып алу бойынша өтпеген конкурстар	Б Б Ө бюджеттік бағдарламаны ( кіші бағдарламаны ) басқаруы	
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24

Бюджетті атқару жөнінде уәкілетті

орган басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (аты-жөні, қолды таратып жазу)

НЫСАН

**\_\_\_\_\_ қаржы жылында бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есеп**

Ескерту. Нұсқау 14-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.07.28 N 376; жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.10.2016 № 567 б ұ й р ы қ т а р ы м е н .

Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы \_\_\_\_\_

Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы \_\_\_\_\_

Бюджеттік бағдарламаның түрі: мемлекеттік басқару деңгейіне қарай \_\_\_\_\_

мазмұнына қарай \_\_\_\_\_

іске асыру тәсіліне қарай \_\_\_\_\_

ағымдағы/даму \_\_\_\_\_

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты \_\_\_\_\_

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі) \_\_\_\_\_

Бюджеттік бағдарламаның шығыстары	Өлшем бірлігі	Жоспар	І с жүзінде	Ауытқуы (4бағ. 3-бағ. шегеру)	Көрсеткіштердің орындалу пайызы (4-баған 3баған*100)	Нәтижелерге қол жеткізе алмау/ оларды асыра орындау және бюджеттік бағдарлама қаражатының игерілмеу себептері
1	2	3	4	5	6	7
...	мың теңге					
Бюджеттік бағдарламаның шығыстары, жиыны	мың теңге					
Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесі						

Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы \_\_\_\_\_

Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі:

мазмұнына қарай : \_\_\_\_\_

ағымдағы/даму \_\_\_\_\_

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негіздеме) \_\_\_\_\_

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Жоспар	I с жүзінде	Ауытқуы (4бағ. 3-бағ. шегеру)	Көрсеткіштердің орындалу пайызы (4-баған 3баған*100)	Нәтижелерге қол жеткізе алмау/ оларды асыра орындау және бюджеттік бағдарлама қаражатының игерілмеу себептері
1	2	3	4	5	6	7
...						
...						
Бюджеттік кіші бағдарламаның шығыстары	Өлшем бірлігі	Жоспар	I с жүзінде	Ауытқуы (4бағ. 3-бағ. шегеру)	Көрсеткіштердің орындалу пайызы (4-баған 3баған*100)	Нәтижелерге қол жеткізе алмау/ оларды асыра орындау және бюджеттік бағдарлама қаражатының игерілмеу себептері
...	мың теңге					
Бюджеттік кіші бағдарламаның шығыстары, жиыны	мың теңге					

Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы \_\_\_\_\_

Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі:

мазмұнына қарай : \_\_\_\_\_

ағымдағы/даму \_\_\_\_\_

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негіздеме) \_\_\_\_\_

		Жоспар		Ауытқуы (4бағ. 3-бағ. шегеру)	Көрсеткіштердің орындалу пайызы	Нәтижелерге қол жеткізе алмау/ оларды асыра орындау және бюджеттік бағдарлама қаражатының игерілмеу себептері
--	--	--------	--	-------------------------------	---------------------------------	---













Бюджетті атқару жөнінде уәкілетті

орган басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (аты-жөні, қолды таратып жазу)

Бюджеттік мониторинг  
жүргізу нұсқауына  
20-қосымша

нысан

**Республикалық бюджеттен бөлінген бюджет қаражатының игерілмеуі бойынша ақпарат \_\_\_\_\_жыл**

**Ескерту. 20-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 23.11.2015 № 583 бұйрығымен.**

мың.теңге

ББӨ атауы	Төлемдер бойынша жоспардың орындалмауы	Бюджет қаражатын үнемдеу	Үкімет резервінің бөлінбеген қалдығы	Шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың бөлінбеген қалдығы	Есепті кезеңге игерілмеу (2бағ.-3 бағ.-4 бағ.)	ҚР Үкіметінің шешімі бойынша түгел пайдалануға рұқсат етілген нысаналы даму трансферттерін игермеу	РБ бюджет қаражатын игермеудің барлығы (6бағ.+7 бағ.)
1	2	3	4	5	6	7	8

Бюджетті атқару жөнінде орталық уәкілетті

орган құрылымдық бөлімшесінің

басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджеттік мониторинг  
жүргізу нұсқауына  
21-қосымша

**\_\_\_\_\_жылы \_\_\_\_\_бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалуды туралы деректер**

**Ескерту. 21-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 23.11.2015 № 583; жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.10.2016 № 567 бұйрықтарымен.**

Негізгі көрсеткіштері	Сомасы, мың теңге
1	2



--	--	--	--	--	--	--	--

Р/с №	Түпкілікті нәтиже		
	Жоспарланған іс-шаралар)	көрсеткіштер (	Нәтижелерге нақты қол жеткізу
1	2	3	4

М.О.

Жергілікті бюджеттік  
бюджеттік бағдарлама  
әкімшісінің басшысы \_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні, қолды таратып жазу)